

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

Менеджмент кафедрасы

**«МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ КОНТРОЛЛИНГ»
ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУГЕ
АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР
«6B04101» - Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы» мамандығы**

Алматы 2025 ж.

Құрастырушы: э.ғ.к., профессор Н.Ш. Алдабергенов

«Мемлекеттік басқарудағы контроллинг» пәні бойынша қорытынды емтиханды өткізуге арналған бағдарлама мен әдістемелік ұсынымдар «Менеджмент» кафедрасының мәжілісінде қаралып, мақұлданды.

Хаттама № 5 22.10.2025 ж.

Кіріспе

«Мемлекеттік басқарудағы контроллинг» пәні білім беру бағдарламасының оқу жоспары бойынша базалық пәндер циклына жатады.

Пәннің мақсаты: Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін, ашықтығы мен нәтижелілігін арттыру мақсатында студенттердің мемлекеттік басқару жүйесінде бақылау қағидаттары мен құралдарын тиімді қолдану үшін қажетті білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

«Мемлекеттік басқарудағы контроллинг» пәні бойынша емтихан тапсыру 6В04101 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі бөлімнің 3-курс студенттеріне арналған. Емтихан жазбаша, офлайн форматта өткізіледі.

Білім алушының жазбаша емтихан тапсыру процесі Univer АЖ-де емтихан билетінің автоматты түрде генерациялануын қарастырады, оған білім алушы емтихан комиссиясы алдында жазбаша жауап беруі тиіс.

- Дайындық уақыты мен жауап беру уақытын емтихан алушы немесе емтихан комиссиясы белгілейді.
- Билеттің барлық сұрақтарына жауап беруге ұсынылатын уақыт: 15-20 минут.
- Емтихан білім алушылар мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіс кесте бойынша өткізіледі.

15 апталық оқу нәтижелері бойынша Univer АЖ платформасында офлайн форматта жазбаша нысандағы қорытынды стандартты емтихан өткізіледі.

ОФЛАЙН ФОРМАТТАҒЫ ЖАЗБАША ЕМТИХАН – бұл деканатта алдын ала дайындалған және жабық конвертке салынған билеттердегі сұрақтарға жауап беру. Конвертті емтихан кестесіне сәйкес емтихан уақыты басталғанда 3 адамнан тұратын емтихан комиссиясының төрағасы ашады.

Стандартты емтихан жазбаша түрде офлайн режимінде өткізіледі. Студенттер Univer IS-те емтихан билетін автоматты түрде жасайды, оған жазбаша жауап беруі керек.

Емтихан Univer IS-те жарияланған кестеге сәйкес өткізіледі, ол студенттер мен оқытушыларға алдын ала хабарлануы тиіс. Студенттер емтихан бөлмесіне емтиханға 15 минут бұрын жеке куәлігін көрсетіп және қатысу парағын қол қойып келуі керек. Көк қаламды өздерімен бірге алып жүру керек. Қатысу парақтары емтихан басталғаннан 15 минут өткен соң алынады. Кешігіп келгендер емтиханға жіберілмейді. Академиялық адалдық ережелерін бұзған жағдайда құқық бұзушыға қатысты хаттама толтырылады және жұмыс тәркіленеді.

Емтихан барысын комиссия мүшелері бақылайды, бейнебақылау жүргізіледі. Емтихан аяқталғаннан кейін комиссия әрбір студент бойынша шешім қабылдайды және алған бағаларын хаттамамен ресімдейді, содан кейін төраға Univer АЖ-дегі қорытынды ведомостқа балдарды қояды.

Емтихан процесінде студент қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, келесі оқу нәтижелеріне қол жеткізгенін көрсетуі тиіс:

- Адам ресурстарын басқару тәсілдері мен ережелерін нәтижелілік тұрғысынан түсіндіру;
- Стратегиялық және оперативті басқару міндеттерін шешу үшін мотивация, көшбасшылық және билік туралы негізгі теорияларды қолдану дағдыларын меңгеру;
- Ұйымның адам ресурстарын басқарудың негізгі әдістері мен құралдарын қолдану;
- Жүйелі ойлау және инновациялық тәсіл негізінде ұйым мақсаттарына қол жеткізу үшін тиімді HR-технологияларды ұсыну;
- Адам ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды негіздеу.

Емтихан сұрақтары қамтитын негізгі тақырыптар

Дәріс 1. Контроллинг ұғымы және оның эволюциясы

Дәріс 2. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі контроллинг

Дәріс 3. Мемлекеттік басқару жүйесі: деңгейлері мен құрылымы

Дәріс 4. Мемлекет деңгейіндегі стратегиялық бақылау

Дәріс 5. Министрліктер қызметіндегі контроллинг

Дәріс 6. Облыстар әкімдіктеріндегі контроллинг

Дәріс 7. Аудандар мен қалалар әкімдіктеріндегі контроллинг

Дәріс 8. Мемлекеттік сектордағы қаржылық-бюджеттік контроллинг

Дәріс 9. Нәтижелікке бағытталған контроллинг

Дәріс 10. Мемлекеттік кәсіпорындардағы контроллинг

Дәріс 11. Табиғи монополия субъектілерінің контроллингі

Дәріс 12. Табиғи монополиялар салаларындағы салалық контроллинг

Дәріс 13. Үстем (доминант) шаруашылық жүргізуші субъектілердің контроллингі

Дәріс 14. Контроллингтің антимонополиялық аспектісі

Дәріс 15. Мемлекеттік басқарудағы интеграцияланған контроллинг жүйесі

Қорытынды емтиханға шығарылатын бағдарламалық сұрақтар:

1. «Контроллинг» ұғымының мазмұнын ашыңыз: оның пайда болған кезеңінен бастап қазіргі заманғы басқару модельдеріне дейінгі қалыптасуының негізгі кезеңдерін көрсетіңіз.
2. Бизнес-құрылымдар мен мемлекеттік билік органдарында контроллингті қолданудың ерекшеліктерін талдаңыз, мақсаттары мен қолданылатын басқару құралдарындағы айырмашылықтарды көрсетіңіз.
3. Жария басқару жүйесіндегі контроллингтің маңызын ашыңыз: оның мемлекеттік шешімдерді қабылдау тиімділігін арттырудағы және стратегиялық даму бағдарламаларының іске асырылуын бақылаудағы рөлін анықтаңыз.
4. Контроллингті қоғамдық мүдделерді іске асыру құралы ретінде пайдалануды негіздеңіз: оның ашықтықты, есептілікті және мемлекеттік қызметтердің сапасын қамтамасыз етудегі маңызын ашыңыз.
5. Стратегиялық контроллинг жүйесіндегі орталық мемлекеттік басқару органдарының функцияларын талдаңыз.
6. «Мемлекет — өңірлер — ұйымдар» көпдеңгейлі жүйесіндегі контроллингтің иерархиялық орнын анықтаңыз.
7. Жоспарлау жүйесі шеңберінде мемлекеттік мақсаттарды, индикаторларды және негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) жүйелеңіз.
8. Ұлттық жобаларды іске асыру және олардың нәтижелілігін бағалау кезіндегі контроллинг әдіснамасын ашыңыз.
9. Мемлекеттік бағдарламалардың контроллингін мақсаттарға қол жеткізбеу тәуекелдерін азайту құралы ретінде негіздеңіз.
10. Қазіргі экономикадағы мемлекеттің реттеуші функциялары контроллингінің тиімділігіне баға беріңіз.
11. Өңірлік даму бағдарламаларын іске асыру кезіндегі контроллингтің өзіндік ерекшеліктерін анықтаңыз.
12. Жергілікті өзін-өзі басқару мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру тетіктерінің өзара байланысын дәлелдеңіз.
13. Жергілікті бюджет шығыстарының ашықтығын қамтамасыз ету үшін олардың контроллинг принциптерін тұжырымдаңыз.
14. Мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудың негізгі құралы ретіндегі әлеуетін ашыңыз.
15. «Бюджетті игеру» мәселесін талдаңыз және нәтиже бойынша басқаруға көшу үшін контроллинг тетіктерін ұсыныңыз.
16. Мемлекеттік орган мен ведомстволық бағынысты ұйымның қызметін бағалау үшін KPI жүйесін (теориялық тұрғыдан) әзірлеңіз.

17. Мемлекеттік сектордағы «көрсеткішті басқару» (нәтиже бойынша басқару) ұйымдастыру принциптеріне сипаттама беріңіз.
18. Мемлекеттік кәсіпорындардың коммерциялық және қоғамдық мақсаттарына салыстырмалы талдау жүргізіңіз.
19. Ұйымның кешенді контроллинг жүйесіндегі қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді жіктеңіз.
20. Табиғи монополиялардағы тарифтік реттеу мен контроллинг құралдары арасындағы өзара байланысты орнатыңыз.
21. Реттелетін секторлардағы операциялық шығындар мен инвестициялардың негізділігін бағалау критерийлерін анықтаңыз.
22. Энергетика саласында контроллингті қолданудың ерекшелігін негіздеңіз.
23. Жүйелік операторлардың тиімділігін бағалау үшін салыстырмалы талдау (бенчмаркинг) әдісін қолданыңыз.
24. Үстем субъектілердің қызметіндегі нарықтық билікті бақылау (контроллинг) тетіктерін ашыңыз.
25. Үстем компаниялардың бағаларын, шығындарын және нарықтық мінез-құлқын бағалау әдістерін талдаңыз.
26. Ұйымдағы контроллинг жүйесі мен монополияға қарсы комплаенс арасындағы стратегиялық байланысты көрсетіңіз.
27. Қазақстан Республикасында мемлекеттік контроллингті енгізуден күтілетін тиімділіктер мен негізгі перспективаларды тұжырымдаңыз.

Емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Контроллинг: оқу құралы / Г.Ш. Калиакпарова, Ф.И. Бокижанова. – Алматы: «Интеллект» баспасы, 2020. – 205 б.
2. Кошербаева А.Б., Агубаев Н.Ж., Жаров Е.К. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметті дамытудың мәселелері: әдістемелік құрал. – Астана, 2023. – 83
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерістер мен толықтыруларымен). – Астана, 2023.
4. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – Астана, 2023.
5. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.12.2018 ж. № 204-VI.
6. «Бәсекелестікті қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (Кәсіпкерлік кодексінің құрамында).

Интернет көздер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz)
2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы (primeminister.kz)
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (www.gov.kz)
4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (www.gov.kz)
5. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (www.gov.kz)
6. Ұлттық статистика бюросы (stat.gov.kz)

Бағалау саясаты

Қорытынды емтиханда студенттер білімін бағалау рубрикаторға сәйкес келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

1. Курс концепциясын білу және түсіну.
2. Таңдалған методология мен технологияны нақты қолданбалы міндеттерге қолдана білу.
3. Ұсынылған практикалық тапсырмаға таңдалған әдістеменің қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтижені негіздеу.

Студенттің қорытынды емтихандағы жауабы 100 балдық шкаламен бағаланады. Балдарды бөлу тәртібі:

- Бірінші сұрақ үшін максималды балл – 30 балл;
- Екінші сұрақ үшін максималды балл – 30 балл;
- Үшінші сұрақ үшін (практикалық/талдау) максималды балл – 40 балл.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14балл)	0–24% (0-7балл)
1 сұрақ max - 30 балл	Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	«Өте жақсы» бағасы – қойылған сұрақты сарқа (толық) ашқан, әрбір тұжырымы мен қорытындысы бойынша егжей-тегжейлі уәж (аргументация) келтірілген, құрылымы жағынан логикалық тұрғыда жүйелі және практикалық сабақтарда қарастырылған тақырыптар бойынша мысалдармен дәлелденген жауапқа қойылады.	«Жақсы» бағасы – сұрақты толық қамтығанымен, мазмұнын толыққанды (сарқа) аспаған, негізгі қағидалар бойынша дәлелдемелері жеткіліксіз, баяндау барысында логикалық жүйеліліктен ауытқулар бар жауапқа қойылады. Сондай-ақ жауапта стильдік олқылықтар мен терминдерді қолданудағы дәлсіздіктерге жол беріледі.	«Қанағаттанарлық» бағасы – билет сұрақтарын толық қамтымаған, негізгі қағидаларды үстірт дәйектеген, материалды баяндауда құрылымдық пропорциялардың бұзылуы мен логикалық жүйесіздіктерге жол берген жауап үшін қойылады. Сондай-ақ, жауап беруші теориялық білімін аудиториялық сабақтарда әзірленген материалдардан мысалдар келтіру арқылы көрсете алмаған жағдайда қойылады.	Қойылған сұрақтардың мазмұнын бұрмалап баяндау, дәйектемелердің қателігі, фактілік және тілдік қателерге жол беру, сонымен қатар жауап соңында теріс (қате) қорытынды жасау.	Пән бойынша базалық ұғымдар мен теориялық негіздерді меңгермеу; Қорытынды бақылау (емтихан) өткізу қағидаларын бұзу.

2 сұрақ	Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану.	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәйекті жауап беру және курстың практикалық міндеттерін кейіннен шешу..	Частичное выполнение учебного задания, неполный, местами аргументированный ответ на поставленный вопрос с неполным решением практических задач курса; неграмотное использование норм научного языка по курсу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, қойылған сұраққа толық емес, кей жерлерінде ғана дәйектелген жауап беру және курстың практикалық міндеттерін толық емес көлемде шешу; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз қолдану.	Тапсырманы шешудің тиімсіз әдісі немесе жауап жоспарының жеткілікті түрде ойластырылмауы; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындай алмау; қателер мен кемшіліктердің нормадан тыс жіберілуі.	Білімді, тапсырмаларды шешуге арналған алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар мен жалпылаулар жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.
мақ - 30 балл						

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8- 14балл)	90–100% (27-30 балл)
3 сұрақ	Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтижені негіздеу.	Ғылыми тұжырымдар мен қолданылған әдістеме және технологияның дәйекті, логикалық тұрғыдан дұрыс негізделуі; сауаттылық, ғылыми тіл нормаларының сақталуы; материалды баяндауда тұтастай алғанда дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Ұғымдық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылаулар мен қорытындыларда тапсырманы орындаудың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейтін болмашы қателіктерге жол беріледі.	Негізделген ғылыми тұжырымдардың қолданылуы бойынша қорытындылар нақты емес және сенімсіз, стилистикалық және грамматикалық қателер, сондай-ақ практикалық шешім нәтижелерін өндеуде дәлсіздіктер бар.	Тапсырма өте өрескел қателермен орындалған, сұрақтарға жауаптар толық емес, ұғымдық материал мен дәйектемелер әлсіз қолданылған.	Тапсырма орындалмаған, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары қолданылмаған. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.
мақ - 40 балл						

